



Ұлан айнасы

ulanainasy

Газет 1932 жылдың 20 қарашасынан бастап шығады



Ұлан айнасы



№ 25 (8499), 19 МАУСЫМ 2026 ЖЫЛ, ЖҰМА

e-mail: elmira@mail.ru

№25 (8499), 19 ИЮНЯ 2026 ГОДА, ПЯТНИЦА

• Денсаулық

Медицина саласының қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

Инабат АКЕТПАЕВА



власындағы ықпалдастықты дамыту, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жетілдіру, сондай-



23 МАУСЫМ ИЮНЯ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

ДЕНЬ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО

Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Мемлекеттік қызмет — мемлекеттік басқару жүйесінің негізін құрайтын, елдің стратегиялық мақсаттарын іске асыруға және қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды сала.

Бұл саладағы қызметтің басты қағидағтары — ашықтық, заңдылық, тиімділік, әдептілік және азаматтардың мүддесіне қызмет ету. Мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігі мен жауапкершілігі — еліміздің тұрақтылығы мен халықтың әл-ауқатын арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Сіздерге атқарып отырған жауапты қызметтеріңізде табыс, мықты денсаулық, қажымас қайрат және ел игілігі жолындағы еңбектеріңізге сәттілік тілейміз!

Ұлан ауданының әкімі
Арман БЕКБОСЫНОВ

Ұлан аудандық мәслихат төрағасы
Гүлмайра КАЛИЕВА

Уважаемые государственные служащие!

Поздравляем вас с профессиональным праздником — Днём государственного служащего Республики Казахстан! Государственная служба является важнейшим звеном системы государственного управления, обеспечивая реализацию стратегических задач, устойчивое развитие страны и повышение качества жизни населения. В её основе лежат принципы прозрачности, компетентности, этичности, эффективности и ориентации на потребности граждан.

Профессионализм, ответственность и преданность делу государственных служащих — залог укрепления государственного суверенитета, правопорядка и доверия общества к государственным институтам. Благодарим вас за добросовестный труд, высокий профессионализм и верность выбранному делу. Желаю вам крепкого здоровья, благополучия, стабильности, дальнейших успехов и значимых достижений в служении на благо нашей страны.

Аким Уланского района
Арман БЕКБОСЫНОВ

Председатель районного маслихата
Гүлмайра КАЛИЕВА

Құрметті полиция қызметкерлері! Қадірлі ардагерлер!

Сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Ішкі істер Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — Қазақстан Республикасының Полиция күнімен құттықтаймыз! Ішкі істер органдары — құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Полиция қызметкерлерінің күнделікті қызметі — ел азаматтарының тыныштығы мен амандығын сақтау жолындағы жоғары жауапкершілікке, кәсіби шеберлікке және табандылыққа негізделген.

Аудан аумағында құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстар — сіздердің жанқиярлық еңбектеріңіздің нәтижесі. Еліміздің тұрақтылығымен өркендеуі жолындағы еңбектеріңіз әрдайым лайықты бағасын таба берсін! Атқарып отырған абыройлы қызметтеріңізге табыс, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтік міндеттеріңізді адал атқаруда сәттілік тілейміз.

Ұлан ауданының әкімі
Арман БЕКБОСЫНОВ

Ұлан аудандық мәслихат төрағасы
Гүлмайра КАЛИЕВА

Уважаемые сотрудники органов внутренних дел! Дорогие ветераны!

Примите искренние поздравления с профессиональным праздником — Днём сотрудника полиции Республики Казахстан! Полиция — неотъемлемая часть системы государственной власти, обеспечивающая защиту прав и свобод граждан, охрану общественного порядка, а также безопасность личности, общества и государства. Ваша служба требует высокой профессиональной подготовки, выдержки, ответственности и безупречной преданности своему делу. Сотрудники полиции нашего района достойно выполняют возложенные на них обязанности, внося значительный вклад в обеспечение стабильности и правопорядка. Уверены, что и впредь вы будете прилагать все усилия для поддержания общественного спокойствия и законности.

Благодарим вас за добросовестный и самоотверженный труд. Желаю крепкого здоровья, личного благополучия, профессионального роста и новых достижений в службе на благо нашей страны.

Аким Уланского района
Арман БЕКБОСЫНОВ

Председатель
районного маслихата
Гүлмайра КАЛИЕВА





Эльмира АХМЕТОВА

Мемлекеттік қызмет – халықтың әл-ауқатын арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған жауапты әрі маңызды сала. Осы жолда ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, ауданның әлеуметтік қорғау жүйесінің қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан тәжірибелі мамандардың бірі – **Конысбекова Гульнара Зейноллақызы**.

Гульнара Зейноллақызы 1965 жылғы 12 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Айыртау ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңінде, 1992 жылы әлеуметтік қорғау саласында бөлім бухгалтері қызметінен бастады. Ел үшін әлеуметтік жүйе қайта құрылып, күрделі өзгерістер жүріп жатқан кезеңде бұл саланың жауапкершілігін абыроймен атқарып, ауданның әлеуметтік



қорғау жүйесінің дамуына елеулі үлес қосты. Қызмет жолында аудан тұрғындарын әлеуметтік қамсыздандыру, зейнетақы мен жәрдемақы төлеу, мүгедектігі бар азаматтарды, қарттарды, аналар мен балаларды әлеуметтік қолдау бағытындағы заңнамалар мен қағидаларды түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырды. Оның басшылығымен халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі мемлекеттік саясаттың

негізгі бағыттары табысты жүзеге асырылып, материалдық-техникалық база нығайтылды, кадр даярлау мен кәсіби дамуға басымдық берілді.

Бүгінде Гульнара Зейноллақызы жұмыспен қамту секторының меңгерушісі қызметін атқарып келеді. Оның мол тәжірибесі мен жоғары кәсібилігінің арқасында мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды кешенді іске асыру, халықтың түрлі санаттарына сапалы әлеуметтік қызмет көрсету және нәтижелі жұмыспен қамту мәселелері өз шешімін тауып келеді.

Көпжылдық еңбек жолында ол еңбекқорлығы, ұйымдастырушылық қабілеті, табандылығы, адамдармен тіл табыса білу қасиеті және өзіне де, өзгеге де жоғары талап қоя білетін кәсіби ұстанымымен әріптестерінің құрметіне ие болды. Әсіресе аудан ардагерлеріне, мүгедектігі бар және аз қамтылған азаматтарға ерекше жанашырлық пен қамқорлық танытып келеді.

Ұжымда ортақ жауапкершілік мәдениетін қалыптастырып, мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізіп отырған білікті басшы ретінде танылған.

Әлеуметтік саладағы көпжылдық және нәтижелі еңбегі жоғары бағаланып, 2019 жылы «Әлеуметтік еңбек саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Сонымен қатар аудан әкімдерінің және облыстық басқарманың Құрмет грамоталарымен бірнеше мәрте марапатталған.

Мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында Гульнара Зейноллақызы секілді ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген азаматтардың кәсіби жолы – жас мамандарға үлгі, қоғам үшін үлкен құндылық.

• Мемлекеттік қызмет - елге құрмет

Эльмира АХМЕТОВА

Мемлекеттік қызмет – ел мүддесіне адал қызмет етудің айқын көрінісі. Қоғамның тұрақтылығы мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында ұзақ жылдар бойы табанды еңбек етіп келе жатқан мамандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Солардың бірі – **Болатбек Тоқтауғажыұлы Тоқтауғажиев**.

Болатбек Тоқтауғажыұлы 1968 жылғы 1 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Ақбұлақ ауылында дүниеге келген. 1993 жылы Семей ет және сүт өнеркәсібі технология институтын «Агроөнеркәсіптік кешен салаларындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша тәмамдап, жоғары білім алған. Еңбек жолын 1993 жылы бастап, кәсіби өмірінің басым бөлігін халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласына арнады. 1993–2015 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет жүйесінде қызмет атқарып, мол тәжірибе жинақтады. Осы жылдары өзін жауапкершілігі жоғары, тәртіпті әрі кәсіби біліктілігімен ерекшеленетін маман ретінде таныта білді.

2016 жылы Өскемен қаласындағы «Өрт сөндіруші» акционерлік қоғамында директордың орынбасары қызметін атқарды. Сол жылдың мамыр айынан бастап Ұлан ауданы әкімінің аппаратына мемлекеттік қызметке

шақырылып, төтенше жағдайлар жөніндегі бас маман ретінде еңбек жолын жалғастырды.

Бүгінде ол аудан аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салда-



Ел игілігі жолындағы қажырлы қызмет

рын жою, азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы маңызды жұмыстарды үйлестіруге үлес қосып келеді. Төтенше жағдайларға дайындықты

арттыру, қауіптің алдын алу және халықтың қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасау жолындағы еңбегі – кәсіби жауапкершілік пен мемлекеттік қызмет қағидаларына адалдықтың айқын үлгісі.

Жалпы еңбек өтілі 32 жылдан асатын Болатбек Тоқтауғажыұлы көпжылдық тәжірибесі мен іскерлігінің арқасында әріптестері мен басшылықтың құрметіне ие болып келеді. Қызметтегі ұстанымы, кәсібилігі мен ұйымдастырушылық қабілеті – кейінгі буынға өнеге.

Отбасылы, екі бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке. Мемлекеттік қызметшілер күні қарсаңында ел игілігі жолындағы еселі еңбегі үшін осындай азаматтарға алғыс білдіру – ортақ құрметтің белгісі.



Құрметті медицина қызметкерлері! Сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл мереке махаббат пен мейірімділіктің, құрмет пен ризашылықтың нұрына толы. Өйткені, адам денсаулығы әрқашан ең жоғары құндылық болды, ал оған қамқорлық жасауды тандаған адамдар барлық уақытта құрмет пен құрметке ие. Сондықтан медицина қызметкерлері күні шын мәнінде жалпыхалықтық мерекеге айналды.

Қымбатты біздің медицина қызметкерлері, күнделікті жұмыста әрқашан жоғары біліктілік деңгейін көрсетіп, кәсіби міндеттеріңізді абыроймен орындайсыздар. Адамдарды сауықтыру арқылы оларға толыққанды өмір сүру қуанышын сыйлап, қиын сәтте сіздер мұқтаж адамдарға көмек көрсетіп, жанашырлық танытасыздар.

Адам өмірі сіздердің дағдыларыңыз бен кәсібиліктеріңізге байланысты. Біз сіздердің еңбектеріңізге, жанның ашықтығы, мейірімді қолдарыңыз және жанашыр жүректеріңіз үшін әрқашан ризамыз!

Сіздерді тағы да кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге және Сіздердің жақындарыңызға жақсылық, денсаулық, амандық және жаңа кәсіби табыс тілейміз!

Ұлан ауданының әкімі
Арман БЕКБОСЫНОВ
Гүлмайра КАЛИЕВА

Ұлан аудандық мәслихат төрағасы

Уважаемые медицинские работники! Ветераны здравоохранения!

От всей души поздравляем вас с профессиональным праздником – Днем медицинского работника! Светом любви и добра, уважением и благодарностью пронизан этот праздник. Ведь здоровье человека всегда являлось высшей ценностью, а люди, которые выбрали своим призванием заботу о нем, во все времена пользовались уважением и почетом. Именно поэтому День медицинского работника стал поистине всенародным праздником. Наши медработники, вы всегда показываете высший квалификационный уровень в повседневной работе и с честью выполняете свой профессиональный долг. В трудную минуту вы приходите на помощь к тем, кто в ней нуждается, проявляете сострадание к чужой боли. Исцеляя людей, вы возвращаете им радость полноценной жизни. От ваших навыков и профессионализма зависит человеческая жизнь. Ваше милосердие дарит надежду, помогает легче переносить боль и страдание. Мы всегда будем благодарны вам за ваш труд, открытость души, добрые руки и чуткие сердца! Еще раз сердечно поздравляем вас с замечательным праздником – Днем медицинского работника. Желаем вам и вашим близким добра, здоровья, благополучия и новых профессиональных успехов!

Арман БЕКБОСЫНОВ,
аким Уланского района
Гүлмайра КАЛИЕВА,
председатель Уланского районного
маслихата

• Маман мәртебесі

Инабат АҚЕТПАЕВА



Денсаулық – адам өміріндегі ең қымбат құндылық. Ал сол құндылықты сақтауға үлес қосып жүрген медицина мамандарының еңбегі әрдайым құрметке лайық. Осындай білікті дәрігерлердің бірі – Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті емханасының дәрігер-эндокринологы Ботагөз Талғатқызы Түгелова.

Ботагөз Талғатқызы 1987 жылы Айыртау ауылында дүниеге келген. 2012 жылы Семей мемлекеттік медицина университетін «Емдеу ісі» мамандығы бойынша тәмамдап, 2013 жылы осы оқу орны базасында интернатураны аяқтады. Еңбек жолын 2013 жылдың 1 шілдесінде «Ұлан ауданының ОАА» ШЖҚ КМК жүйесінде Айыртау ауылында жалпы практика дәрігері қызметінен бастады. Кейін 2016 жылы Сағыр ауылына ауысып, жалпы практика дәрігері ретінде халық



Кәсібіне адал дәрігер

денсаулығын қорғау жолындағы қызметін жалғастырды. 2020 жылдан бастап дәрігер-эндокринолог міндетін қатар атқарса, 2022 жылы Қасым Қайсенов кентіне ауыстырылды. Ал 2025 жылдың 3 ақпанынан бастап эндокринолог дәрігері қызметін толыққанды атқарып келеді. Көпжылдық тәжірибесі мен кәсіби дайындығының арқасында Ботагөз Талғатқызы өзін жауапты, ізденімпаз әрі жоғары білікті маман ретінде таныта білді. Ол күн сайын эндокриндік жүйе ауруларымен ауыратын азаматтарды қабылдап, қант диабеті, қалқанша безі аурулары және басқа да эндокриндік патологияларды анықтау, емдеу және бақылау жұмыстарын жүргізеді. Дәрігер зертханалық және аспаптық зерттеулер нәтижелерін сауатты саралап, клиникалық

хаттамаларға сәйкес тиімді ем тағайындайды. Сонымен қатар диспансерлік бақылау жүргізіп, тұрғындар арасында эндокриндік аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында түсіндіру жұмыстарын тұрақты ұйымдастырады. Ботагөз Талғатқызы кәсіби білімін үздіксіз жетілдіруге ерекше мән береді. Заманауи диагностика мен емдеу әдістерін меңгеріп, күнделікті тәжірибеге енгізіп келеді. Қызмет барысында күрделі жағдайларда салмақты шешім қабылдай білетін, тәртіпті әрі бастамашыл маман ретінде әріптестерінің құрметіне ие болған. Ақ халатты абзал жанның халық денсаулығын нығайту жолындағы еңбегі – кәсібіне адалдықтың жарқын үлгісі.

Ақ халатты абзал жан

Инабат АҚЕТПАЕВА

Адам денсаулығын сақтау – үлкен жауапкершілік пен жоғары кәсібилікті талап ететін маңызды сала. Осы жолда ұзақ жылдар бойы халық игілігі үшін еңбек етіп келе жатқан абзал жандардың бірі – Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан аудандық ауруханасының дәрігер-стоматологы Ермұхан Қазезбекұлы Темірғалиев.

Ермұхан Қазезбекұлы 1965 жылы Күршім ауданының Үшбұлақ ауылында дүниеге келген. Медицина саласын өмірлік мұратына айналдырған маман бүгінде стоматология саласында 40 жылға жуық уақыт бойы табысты еңбек етіп келеді.

Еңбек жолын 1986 жылы бастап, осы уақыт аралығында түрлі медициналық мекемелерде дәрігер-стоматолог қызметін атқарды. Қай жерде қызмет етсе де өзін кәсіби даярлығы жоғары, тәжірибелі әрі өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын маман ретінде таныта білді.

Күнделікті тәжірибесінде стоматологиялық аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу жұмыстарын сапалы жүргізіп келеді. Пациенттерге білікті медициналық көмек көрсетіп, заманауи емдеу әдістерін меңгеру арқылы медициналық қызмет сапасын арттыруға үлес қосуда. Клиникалық хаттамалар мен медициналық стандарттарды ұстанып, сапалы ем көрсетуді басты қағида санайды.

Әріптестері мен пациенттері арасында сый-құрметке ие дәрігердің басты ерекшелігі – адамға деген жанашырлығы, кәсіби әдебі мен жауапкершілігі. Науқастармен тіл табыса білуі,



әр адамның жағдайына түсіністікпен қарауы оның дәрігерлік болмысын айқындай түседі.

Сонымен қатар Ермұхан Қазезбекұлы кәсіби біліктілігін тұрақты жетілдіріп, емдеудің жаңа тәсілдерін тәжірибеге енгізуге ерекше мән береді. Медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру бағытындағы бастамалары да әріптестері тарапынан жоғары бағаланады.

Көпжылдық адал еңбегі, жоғары кәсібилігі және денсаулық сақтау саласының дамуына қосқан үлесі арқылы Ермұхан Қазезбекұлы халық алғысына бөленіп, өз мамандығына деген адалдықтың жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

● 21 июня - День медицинского работника

День медицинского работника – особый праздник, посвящённый людям в белых халатах, которые посвятили свою жизнь сохранению здоровья и спасению жизни людей. Это возможность подвести итоги проделанной работы и определить дальнейшие задачи развития отрасли.

В Уланском районе последовательно реализуется перспективный план развития системы здравоохранения. Его основными целями являются повышение доступности и качества медицинской помощи населению, укрепление кадрового потенциала, модернизация инфраструктуры здравоохранения и улучшение основных медико-демографических показателей.

На сегодняшний день сеть учреждений здравоохранения района включает районную больницу в селе Таврия, районную поликлинику в посёлке Касым Кайсенов, 8 врачебных амбулаторий, 4 фельдшерско-акушерских пункта и 22 медицинских пункта. Радиус медицинского обслуживания составляет 250 километров.

По состоянию на 1 июня 2026 года



Здравоохранение Уланского района: результаты, развитие, перспективы

численность населения Уланского района составляет 28 301 человек, из них 6 697 детей, 1 225 подростков и 20 379 взрослых. Число женщин репродуктивного возраста составляет 5 161 человек.

Медико-демографические показатели района демонстрируют положительную динамику. В 2025 году случаев материнской и младенческой смертности зарегистрировано не было. Показатель рождаемости составил 13,3 на 1000 населения, общий показатель смертности – 12,0 на 1000 населения. Коэффициент естественного прироста достиг положительного значения +1,3.

Важным направлением остаётся профилактическая работа. Выполнение скринингов по выявлению заболеваний системы кровообращения, сахарного диабета, глаукомы и колоректального рака составило 100 процентов.

Вместе с тем остаются вопросы, требующие особого внимания. В 2025 году показатель заболеваемости туберкулёзом составил 35,9 на 100 тысяч населения. За отчётный период зарегистрировано 12 впервые выявленных случаев заболевания. Показатель смертности от туберкулёза составил 3,0 на 100 тысяч населения, абсолютное число – 1 случай.

Показатель первичной заболеваемости злокачественными новообразованиями в 2025 году составил 332,0 на 100 тысяч населения, зарегистрировано 95 случаев. Одновременно отмечается рост смертности от онкологических заболеваний – показатель составил 129,3 на 100 тысяч населения, абсолютное число – 37 случаев.

Значительная работа проводится по модернизации инфраструктуры здравоохранения. В 2025 году полностью завершено строительство районной поликлиники в посёлке Касым Кайсенов, объект введён в эксплуатацию. Сегодня поликлиника функционирует в полном объёме и оказывает медицинскую помощь населению в соответствии с современными стандартами.

В этом же году проведён капитальный ремонт врачебных амбулаторий в селе Привольное и по-

сёлке Асубулак. В 2026 году планируется выделение средств на разработку проектно-сметной документации для капитального ремонта медицинского пункта в селе Пролетарка и фельдшерско-акушерского пункта в селе Улан.

В рамках развития сельской инфраструктуры здравоохранения введён в эксплуатацию новый медицинский пункт в селе Тройницкое, который передан на баланс КГУ «Уланская районная больница». Для обеспечения работы медицинского пункта принят медицинский работник, что позволило повысить доступность первичной медицинской помощи для сельчан.

Продолжается укрепление материально-технической базы. Для районной больницы в селе Таврия приобретены три единицы диагностического оборудования общей стоимостью 67,4 млн тенге – рентгенодиагностический аппарат, передвижной рентгеновский аппарат и флюорографический аппарат.



В районе функционируют стационар на 15 коек и дневной стационар на 26 коек. В 2025 году стационарное лечение получили 341 пациент, в дневном стационаре медицинскую помощь получили 545 пациентов.

Одним из ключевых направлений остаётся кадровое обеспечение медицинских организаций. В 2025 году в медицинские учреждения района приняты 1 врач в село Таврия и 7 врачей в посёлок Касым Кайсенов. В 2026 году приняты на работу врач акушер-гинеколог и врач общей практики. Кроме того, 7 врачей и 28 специалистов среднего медицинского персонала прошли курсы повышения квалификации.

Работа по снижению кадрового дефицита будет продолжена. В настоящее время ведутся предварительные договорённости по привлечению врача-оториноларинголога, а также врача общей практики во врачебную амбулаторию села Таргын.

При этом сохраняются актуальные вопросы – необходимость капитального ремонта отдельных объектов здравоохранения, дефицит среднего медицинского персонала и износ санитарного автотранспорта.

Основные задачи на 2026 год – дальнейшее укрепление материально-технической базы, привлечение медицинских кадров, повышение квалификации специалистов и улучшение доступности и качества медицинской помощи населению.

В преддверии Дня медицинского работника выражаем искреннюю благодарность всем медицинским работникам района за их преданность профессии, высокий профессионализм и вклад в сохранение здоровья населения.

Кайрат ОСКЕНБАЕВ,
главный врач Уланской районной больницы

КАМЕНКА ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткерлердің сайлауалды бағдарламасы



ТОЛЕУХАНОВ Ринат Серікұлы

1993 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы, Приморское ауылында дүниеге келдім. Семей қаласындағы Қазақстан Инновациялық Академиясын «Педагог-психолог» мамандығы бойынша тамамдадым.

Еңбек қызметімді 2011 жылы Көкпекті ауданының «Раздольное негізгі мектебі» КММ-де орыс тілі мұғалімі ретінде бастадым.

2014–2015 жылдары Көкпекті ауданының «Ново-Тимофеевска орта мектебі» КММ-де тәрбиеші және орыс тілі мұғалімі ретінде жұмыс істедім.

2018–2019 жылдары Ұлан ауданының «Тройницкое негізгі мектебі» КММ-де іс жүргізуші және орыс тілі мұғалімі ретінде жұмыс істедім.

2019–2021 жылдары Ұлан ауданының «Тройницкое негізгі мектебі» КММ-де тәрбие және оқу-әдістемелік ісі жөніндегі директордың орынбасары болып жұмыс істедім.

2021 жылы Ұлан ауданының «Каменка орта мектебі» КММ-де психолог-педагог қызметін атқардым.

2022 жылы Ұлан ауданының «Таврия ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ маманы болдым.

2023 жылдан қазіргі уақытқа дейін Ұлан ауданының

«Каменка ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы болып жұмыс істеймін.

Өртүрлі салаларда жұмыс тәжірибесі мені ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Менің білімім мен кәсіби тәжірибем біздің округтің одан әрі дамуы үшін пайдалы болады деп сенемін.

Сайлауалды бағдарлама

- Жастардың жан-жақты дамуына жағдай жасау, жастар бастамаларын және еріктілік қозғалысын қолдау, спорттық, мәдени және патриоттық шараларды ұйымдастыру.
- Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға жәрдемдесу. Оқушыларға қауіпсіз және ыңғайлы оқу жағдайларын қамтамасыз ету. Қосымша білім беруді, үйірмелер мен спорт секцияларын дамыту.
- Халықтың осал топтарына – қарттар, көпбалалы отбасылар және ерекше қажеттіліктері бар азаматтарға көмек көрсету шараларын күшейту.
- Жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік жобаларға қатысуына жәрдемдесу.



ШУЛЯТЕЦКАЯ Анна Романовна

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Таврия ауылында туып-өстім.

«Таврия орта мектебін» бітірдім, бүгінгі күні осы ауылда тұрамын.

2019 жылы «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК «электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары» мамандығы бойынша бітірдім.

2022 жылдан 2024 жылға дейін «Таврия ауылдық округі әкімі аппаратының» ММ жетекші маманы болып жұмыс істедім.

2024 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Таврия ауылдық округі әкімі аппаратының» ММ бас маманы болып жұмыс істеймін.

Бірнеше жыл бойы мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде жұмыс істеймін, тұрғындармен күнделікті қарым-қатынас жасаймын және абаттандыру, әлеуметтік қолдау және ауылды дамыту мәселелерін шешуге қатысамын. Бұл тәжірибе маған қандай тапсырмаларға ерекше назар аударуды қажет ететінін және адамдарға қандай шешімдер қажет екенін түсінуге көмектеседі.

Сайлауалды бағдарлама

- Жастар-Каменка ауылдық округінің болашағы! Жастар бастамаларын қолдау, еріктілер қозғалысын дамыту, өзін-өзі жүзеге асыру, шығармашылық, спорт және жастардың округ өміріне белсенді қатысуы үшін жағдай жасау.
- Тұрғындармен ашық диалог
- Халықпен тұрақты кездесулер, қоғамдық бастамаларды қолдау және біздің округтің дамуы үшін маңызды мәселелерді бірлесіп шешу.
- Білім және жаңа мүмкіндіктер.
- Білім беру жобаларын дамытуға жәрдемдесу, талантты жастарды қолдау, кәсіби бағдарлауға көмектесу және сұранысқа ие дағдыларды алу үшін жағдай жасау.
- Қауіпсіздік және тұрақтылық
- Тұрғындардың тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ қараусыз қалған мал мен қаңғыбас жануарлар мәселесін шешу.
- Таза және абаттандырылған округ.
- Елді мекендерді абаттандыру, аумақтарды көгалдандыру, санитарлық жағдайды жақсарту және тұрғындар үшін қолайлы орта құру жөніндегі жұмысты жалғастыру.



ТОКТАМУРАТОВ Айдар Токтасынұлы

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында дүниеге келдім. 2008–2011 жылдары С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің колледжінде «Құқықтану» мамандығы бойынша оқыды. 2014 жылы Қазақ гуманитарлық-заң инновациялық университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолын 2001 жылы «Хлебокомбинат Металлург» ЖШС-де бастадым. Өскемен қаласы ұйымдарының жеңіл және жүк көліктерінің жүргізушісі болып жұмыс істедім.

2013 жылдан 2022 жылға дейін Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде жетекші маманнан бөлім басшысы қызметін атқардым. 2022 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Каменка ауылдық округінің әкімі болып еңбек етіп келемін.

Сайлауалды бағдарлама

- Ауыл экономикасын дамыту, инвестициялар тарту, жұмыс орындарын құру, тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және жеке үй шаруашылықтарының табысын арттыру бойынша жұмыс істейтін боламын.

Каменка ауылдық округінің әкіміне кандидатқа үгіт материалдарына бөлінген қаражат есебінен төленді

- Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін құру бағдарламаларына және «Ауыл аманаты» жеке бағдарламаларына қатысуға ниет білдірген ауыл тұрғындарына көмек көрсетуге белсене қатысамын.
- Ауылдың санитарлық жағдайына, оны абаттандыруға, көгалдандыруға баса назар аударамын.
- Жолдарды, оның ішінде кірме жолдарды жөндеуге күш саламын (Каменка ауылындағы Тройницкое ауылы мен Центральная көшесіне кірме жолды орташа жөндеу).
- Сыртқы жарықдиодты шамдарды ауыстыруға көмектесемін
- Округ аумағында, әсіресе балалар үшін (тротуарлар, жол белгілері, аялдамалар) қауіпсіз жүріп-тұру жағдайларын жасауға жәрдемдесетін боламын
- Ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және жұмысқа орналасуына ықпал ететін боламын
- Каменка және Тройницкое ауылдарында балалар алаңдарын орнатуға күш саламын.

2026 жылдан 2030 жылға дейін Қасым Қайсенов кенті аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызметтерді жеткізушіні айқындау жөніндегі хабарландыру

2026 ж. бастап 2030 ж. қоса алғанда «Ұлан ауданы тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ Қасым Қайсенов кенті аумағынан қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша қызметтерді

жеткізушіні айқындау жөніндегі тендер өткізілетіні туралы хабарлайды, ол 2026 жылғы «26-шы» сәуір сағат 10:00-де ШҚО, Ұлан ауданы, Абай алаңы 5 мекенжайы бойынша өтеді. Конкурсқа келесі лоттар (учаскелер) қойылады:

№	Учаске №	Учаскелердің шекаралары	Халық саны (адам)
1	1	Қасым Қайсенов кенті	7573 адам

Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, тендерлік құжаттама шарттарына сәйкес келетін кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер «Ұлан ауданы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-не тендерлік құжаттар жиынтығын алуға жазбаша өтінім ұсынады: мекен-жай - ШҚО, Ұлан ауданы, Абай алаңы 5, № 201 каб.

Объявление по определению поставщика услуг по сбору и вывозу твердых бытовых отходов с территории п. Касыма Кайсенова с 2026 по 2030 годы.

ГУ «Отдел жилищно – коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Уланского района» объявляет о проведении тендера по определению поставщика услуг по сбору и вывозу твердых бытовых отходов с территории поселка Касыма Кайсе-

нова с 2026 г. по 2030 г. который состоится в 10:00 часов «26» апреля 2026 года по адресу: ВКО г. Уланский район, площадь Абая 5.

На конкурс выставляются следующие лоты (участки):

№	№ участка	Границы участков	Численность населения
1	1	поселок Касыма Кайсенова	7573 человек

В конкурсе принимают участие любые физические и юридические лица, независимо от формы собственности, соответствующие условиям конкурсной документации.

Желающие принять участие в конкурсе представляют в ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Уланского района» письменную заявку на получение комплекта

конкурсной документации по адресу: ВКО г. Уланский район, площадь Абая 5. каб. № 201.

Окончательный срок приема заявок на участие в конкурсе: «26» апреля 2026 года до 09:00 часов. «26» апреля 2026 года в 10:00 часов конкурсная Комиссия проводит предконкурсную конференцию по вопросам проведения конкурса.

За справками обращаться по телефонам: 8 (72338) 77-050.

Құрметті ЦЭТТ көрермендері

«Қазтелерадио» АҚ «Шығыс» филиалы 2025 жылы ШҚО бойынша 30 радиотелевизиялық станция (бұдан әрі - РТС) цифрлық эфирлік телехабар тарату (бұдан әрі- ЦЭТТ) үшін қолданысқа тапсырғандығын хабарлайды.

ЦЭТТ – сандық теледидардың аналогтық сигналдан басты айырмашылығы – кедергіге төзімділігі. Сандық

жүйенің сигналы тіпті ең шалғай елді мекендерге қалпында жетеді.

ЦЭТТ-ға көшу телевизияда ашылған жаңа бағыт. Сондай-ақ, цифрландыру шағын елді мекендерде аналогты форматтағы 2-3 телеарнаның орнына цифрлық форматта 15 телеарнаға дейін қабылдауға мүмкіндік береді.

ЦЭТТ ұсынатын арналар:

РТС саны	Облыс атауы	РТС	№ п/п	МAM 01.10.2024ж. № 4567-НҚ бұйрығы	Түймелер №
1	Шығыс Қазақстан	Привольное, Баяш Утепов, І. Айтықов	1 2 3 4 5 6 7 8	«QAZAQSTAN «Хабар HD» 24KZ» «BALAPAN» «Первый канал Евразия ALTAI» QAZSPORT HD» МИР	1 2 3 4 5 6 7 8

ЦЭТТ қосылу әдісі лифлетте екі тілде берілген, яғни, теледидар DVB-T2 цифрлық хабар тарату стандартын қолдайтынына көз жеткізу керек. Егер қолдайтын болса, тек дециметрлік антеннаны қосу жеткілікті. Ал, ескі теледидарлар, әдетте, DVB-T2 стандартын қолдамайды, сондықтан цифрлық сигнал қабылдағыш сатып алу қажет болады, ол шамамен 5500-6500 теңге тұрады.

Цифрлық теледидарға қосылудың тәсілдері туралы толық ақпаратты Call-орталықтан алуға болады: 8(727)258-15-00, 8-8000800193; 8707-258-15-00 (WhatsApp, Telegram), call –центр 193.

Сондай-ақ тікелей «Қазтелерадио» АҚ ШҚО филиалына жұмыс күндері (жұмыс уақытында) қоңырау шалуға болады: 8(7232)-77-77-39, 8(777)-064-1476.

Гороскоп

с 22 по 28 июня 2026 года



ОВЕН

Эта неделя – не подходящее время для принятия серьезных решений. Овнам лучше всего большую часть времени посвящать семье. Именно общение с родственниками и отдых в кругу близких людей принесут ощутимую пользу. Старайтесь только не проявлять эгоизма и чаще уступать.

ТЕЛЕЦ

У Тельцов заметно усиливается тяга к новым знаниям, знакомствам. Возрастает импульсивность, что может побуждать вас пользоваться самыми легкими и доступными методами для достижения цели. Это может принести вам в скором будущем стремительный, но кратковременный успех и значительные затруднения там, где требуются долгосрочное планирование.



БЛИЗНЕЦЫ.

Будьте готовы к тому, что этот период может поставить перед вами ряд сложных задач. На этот период Близнецам нет смысла планировать начало новых проектов – может не хватить сил на реализацию и вы добьетесь только усиления перенапряжения. Свою активность постепенно надо переносить в материальную сферу, добиваясь того, чтобы доходы превалировали над расходами.

РАК

Старайтесь не расплывать свою возрастающую энергию на погоню за «двумя зайцами». Может усиливаться желание перемен, и вы захотите более активно добиваться желаемого. Постарайтесь не забегать вперед и не торопитесь круто менять образ и ритм вашей жизни и работы. Чем скорее вы признаете непреодолимую власть обстоятельств, тем быстрее найдете выход из сложившейся ситуации.



ЛЕВ

В эти дни по-настоящему благоприятной для Львов будет только индивидуальная творческая деятельность вне зависимости от того, о какой сфере жизни идет речь. Пусть будет везде главным арбитром ваша совесть. Не повредит вам и домашнее уединение. Не перегружайте себя хлопотами, заботами, выяснениями. Откажитесь от новых начинаний и не принимайте брошенный вам вызов. Любый риск может быть опасен.

ДЕВА

Марс, который покровительствует борьбе и активным самостоятельным действиям, двигаясь по вашему знаку, придаст вашим решениям необходимый импульс и энергию. Вам останется всего лишь присоединить к этому практичность и основательность. Не спешите с выводами, так как еще слишком мало информации, чтобы вы могли правильно сориентироваться в обстановке.



ВЕСЫ

Это время может оказаться весьма контрастным по своим проявлениям. Поэтому Весам желательно избегать любых инициатив и конкретных действий, не принимать скоропалительных решений. Старайтесь никому ничего не доказывать, не убеждать, а просто спокойно делайте свое дело. Профессиональные задачи и отношения выходят на первое место. Направьте всю энергию на работу.

СКОРПИОН

Для Скорпионов этот период окажется скорее всего не очень приятным. Дела тормозятся, появляются новые препятствия. Повышенные импульсивность и несдержанность смогут еще больше усугубить имеющиеся проблемы. Для успешного их решения очень важно сдерживать раздражение. Найдите время для отдыха, особенно активного. Это поможет восстановить расшатанные нервы




СТРЕЛЕЦ

Воздержитесь от излишне активных действий, они не принесут вам удачи, а создадут только массу дополнительных проблем. На пути к успеху у Стрельцов есть много препятствий, которые могли быть вами же и вызваны – вашим эго, упрямством, потворством слабостям или переоценкой своих возможностей. Старайтесь сами избегать подобных заблуждений в своих взглядах и в поведении, а также держитесь подальше от тех, кто склонен к этому.

КОЗЕРОГ

Данный период является для Козерогов очень ответственным. В эти выходные дни лучше вообще не заниматься активной деятельностью и внимательнее следить за собой, сдерживать беспокойство, стараться думать только о хорошем. Чтобы чувствовать себя более комфортно, рекомендуется в это время принимать контрастный душ, начиная и заканчивая холодной водой.



ВОДОЛЕЙ

Ставьте перед собой реальные, практические задачи, решение которых повысит ваш профессиональный уровень, поможет продвинуться по служебной лестнице, повысит вашу самооценку – именно это нужно сейчас вам в вашей основной деятельности. О свободном графике и времяпрепровождении Водолеям придется на время забыть. Вы должны всем показать свою выносливость, работоспособность, профессионализм.

РЫБЫ

Творческий и сексуальный потенциал Рыб начинает возрастать, и они все чаще оказываются в центре внимания так, что временами могут чувствовать даже его избыток. Более того, окружающие могут попытаться манипулировать вашей энергией, вашими идеями в своих интересах.



• *Тұрғындар назарына*

Қоғамдық тыңдау

«Qazz Expert» ЖШС Шығыс Қазақстан облысындағы 2026 жылғы 30 наурыздағы №4230-EL лицензия бойынша 5 блоктан тұратын жер қойнауы учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына арналған «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі материалдары бойынша жария талқылаулар түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Разломный-2 учаскесі.

Координаттары:

- 1.49°43'00" с.е.; 81°44'00" ш.б.
- 2.49°44'00" с.е.; 81°44'00" ш.б.
- 3.49°44'00" с.е.; 81°46'00" ш.б.
- 4.49°43'00" с.е.; 81°46'00" ш.б.
- 5.49°43'00" с.е.; 81°47'00" ш.б.
- 6.49°41'00" с.е.; 81°47'00" ш.б.
- 7.49°41'00" с.е.; 81°46'00" ш.б.
- 8.49°42'00" с.е.; 81°46'00" ш.б.
- 9.49°42'00" с.е.; 81°45'00" ш.б.
- 10.49°43'00" с.е.; 81°45'00" ш.б.

Әсер ету аумағы – Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы.

2026 жылғы 09–15 шілде аралығында қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстар туралы Ұлттық деректер банкінің <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында жария талқылаулар өткізіліп, ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

